

## Ашық сабақ кестесі орындалды


2018 жылдың желтоқсан айында көркем білім кафедрасы барлық жоспарланған ашық сабақтарын аяқтады.

12 қазан күні 6M010700 – Бейнелеу өнері және сызу, 6M041600 – Өнертану мамандығы және 6D010700 – Бейнелеу өнері және сызу докторантура мамандығына педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.О. Жеделовтың «Жарнама психологиясы» пәні бойынша «Радиоканал және теледидар арқылы берілетін жарнамалар» тақырыбында ашық дәріс өткізді. Бұл интеграцияланған дәріс визуалды және проблемалық лекциялар элементтерін және конференциялық лекцияларды қамтиды. Оның интерактивті сипаты оқушыларға оқытушымен белсенді ынтымақтастық барысында материалды меңгеруге мүмкіндік берді.



Профессор Қ.О. Жеделовтың «Жарнама психологиясы» пәні бойынша ашық сабағын «Радиоканал және теледидар арқылы берілетін жарнамалар» тақырыбында интерактивтік оқыту әдістерін қолдану барысы.

10 қазанда педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Шайгозова Жанерке «Сурет» пәні бойынша «Жұмсақ материалдармен антикалық бастың суретін салу» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Күрделі теориялық тақырып студенттерді видео материалдарды ұсынудың жақсы ойластырылған әдісі арқасында жүзеге асты. Кафедраның ПОҚ-ы, магистрант, докторантар үшін ашық дәрістерге қатысу және талқылау педагогикалық тәжірибені толықтырудың тағы бір көзі болып табылады.



Көркем білім кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Шайгозова Жанерке «Сурет» пәні бойынша 5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығына «Адам сұлбасының суретін салу» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Көркем білім кафедрасының профессоры Жаманқараев С.Қ. «Графика» тобына «Өлітабиғат» жанрынан, доцент Қилыбаев Н.А. «Кескіндемеші» тобына кескіндеме пәнінен «Портрет жанрында ашық сабақ өткізді. Ашық сабақта видео материалдар көрсетіп студенттердің білімін көтеріп, сабаққа деген қызығушылығын тудырды.

Көркем білім кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Шайгозова Жанерке «Сурет» пәні бойынша 5B010700 - Бейнелеу өнері және сызу мамандығына «Адам сұлбасының суретін салу» тақырыбында ашық сабақ өткізді.